

Бракераж комиссиясы туралы ереже

1. Жалпы ереже

Осы ереже ҚР Денсаулық сақтау министрінің 09.07.2021 ж. № ҚР ДСМ-59 «Мектепке дейінгі ұйымдарға және балалар үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде әзірленді.

Бракераж комиссиясы оқу жылына балабақша меңгерушісінің бұйрығымен тағайындалады. Бракераж комиссиясын тағайындау – ас блогының жұмысын тұрақты бақылауды қамтамасыз ету.

Бракераж комиссиясының құрамына медицина қызметкері, әкімшілік, өндіріс меңгерушісі және ата-аналар комитетінің өкілі кіреді.

Бракераж комиссиясы педагогикалық кеңестерде немесе кәсіподақ комитетінің отырыстарында ас блогының жұмысын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі жұмыс туралы мерзімді есеп береді.

Комиссияны тағайындау кезінде оның құрамын жыл сайын жаңарту қағидаты сақталады.

2. Бракераж комиссиясының міндеттері

Бракераж комиссиясы

- балаларды сапалы тамақпен қамтамасыз етуге ықпал етуі;
- ас блогының жұмысын бақылауды жүзеге асыруы;
- ас блогының санитарлық жағдайын тексеруі;
- таңбалаудың болуын бақылауы;
- өнімнің шығуын тексеруі;
- тәуліктік сынаманың болуын бақылауы;
- пісіру процесінің техникалық карталарға сәйкестігін тексеруі;
- келіп түсетін өнімнің сапасын тексеруі;
- азық-түлікті сақтау ережелерінің сақталуын тексеруі тиіс.

3. Тамақ бракеражы

Ас блогында дайындалатын барлық тағамдар мен аспаздық өнімдер дайын болуына қарай міндетті түрде бракераж жасауға жатады. Тамақ бракеражы әрбір жаңадан дайындалған партияны босату басталғанға дейін жүргізіледі.

Тағамдар мен дайын аспаздық өнімдерді бракеражды медицина қызметкері жүргізеді.

Өнім сапасын бағалау «Тез бұзылатын тамақ өнімдері мен жартылай фабрикаттардың бракераж журналына» енгізіледі («Мектепке дейінгі ұйымдарға және балалар үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына 8-қосымша).

Тамақ дайындау технологиясы бұзылған жағдайда комиссия бұйымдарды таратудан алып тастауға, оларды пысықтауға немесе қайта өңдеуге жіберуге міндетті.

Бракераж журналы нөмірленуі, тігілуі және мөрмен бекітілуі тиіс. Бракераж журналы балабақша медбикесінде сақталады.

Медбике мен аспаз тамақ сапасына санитарлық жауап береді.

4. Бракераж комиссиясының құқығы

Бракераж комиссиясының

- 1) кез келген уақытта ас блогының санитарлық жағдайын тексеруге;
- 2) ыдыс-аяқ пен сүлгілерде таңбалаудың болуын бақылауға;
- 3) өнімнің шығуын тексеруге;
- 4) тәуліктік сынаманың болуын бақылауға;
- 5) дайындау процесінің технологиялық карталарға сәйкестігін тексеруге;
- 6) келіп түсетін өнімнің сапасын тексеруге;
- 7) мәзірдің әртүрлілігі мен сәйкестігін бақылауға;
- 8) азық-түлікті сақтау ережелерінің сақталуын тексеруге;
- 9) тамақтану сапасын жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізуге құқығы бар.